

## Павлодар облысының жергілікті атқарушы органының мемлекеттік бағалы қағаздар шығару шарттарын, көлемін және нысаналы мақсатын айқындау туралы

### ***Күшін жойған***

Павлодар облыстық әкімдігінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 93/2 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 30 сәуірде № 6823 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімдігінің 2022 жылғы 3 мамырдағы № 118/1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімдігінің 03.05.2022 № 118/1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 22 сәуірдегі "Экономиканы тұрақтандыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 16 наурыздағы № 287 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы", Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 20 наурыздағы № 126 қаулысына өзгеріс мен толықтыру егізу туралы" № 235 қаулысына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Павлодар облысының жергілікті атқарушы органының мемлекеттік бағалы қағаздардың ішкі нарықтағы айналымы үшін оларды шығаруының келесі шарттары, көлемі және нысаналы мақсаты айқындалсын:

1) шарттары:

мемлекеттік бағалы қағаздар шығарылған жыл - 2020 жыл;

бағалы қағаздардың түрі - төтенше жағдайда қолданылуы кезеңінде Тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020 - 2025 жылдарға арналған "Нұрлы жер" мемлекеттік бағдарламасы аясында кредиттік тұрғын үй құрылышын қаржыландыру үшін ішкі нарықта айналысқа жіберу үшін облыстың жергілікті атқарушы органымен шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздар;

мемлекеттік бағалы қағаздардың айналым мерзімі - 22 ай;

сыйақының пайыздық мөлшерлемесі - жылына 4,25%;

қарызгердің бастамасы бойынша мерзімінен бўрын өтеу құқығымен негізгі қарызды өтеу айналым мерзімі аяқталғаннан кейін жүргізіледі;

2) көлемі - 6 000 000 000 (алты миллиард) теңгеден аспайды;

3) нысаналы мақсаты - төтенше жағдайдың қолданылуы кезеңінде Тұрғын Үй-коммуналдық дамудың 2020 - 2025 жылдарға арналған "Нұрлы жер" мемлекеттік бағдарламасы аясында кредиттік тұрғын үй құрылышын қаржыландыру.

2. "Павлодар облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

мемлекеттік бағалы қағаздар шығаруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ә. А. Арыноваға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Павлодар облысының әкімі*

*A. Скаков*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК